

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Біздің жақ қонағына қой соймаса,
«Апыр-ай, аш жатты-ау!»- деп өкінеді.

Шұбалтып су ішінен алып шығар,
Байлығың өзің айтқан балық шығар.
Балық пен бақа-шаян бір туысқан,
Құлағың бала жастан қанық шығар, -

деген тәрізді өткір шумақтарды бастырмалатып жеңіске ие болады. Түйдек-түйдегімен ағытылған сөз нөсері нысанаға дөп тиіп, әсерлі, жүйелі, уәжді шыққан.

Айтыс ақындық дарынмен қоса мол білімділікті, тапқырлықты, төзімділікті талап етеді десек, осы қасиеттердің барлығы Қ.Алтынбаевтың бойында кездеседі. Ақын өз өнерінің мәнділігін, көркемдігін, өткірлігін тереңнен іздеп, халық жүрегінің соғуымен үйлестіреді.

Айтысқа түскен ақынға басты нысана жеңу мақсатындағы орамды ой, ұтымды дәлел, бұлтартпас шындықтан тыс тыңдаушының жүрегіне жол табатындай кестелі сөз, суретті образ қажет.

...Сол таудың көкжал арлан бөрісі бар,
Түңліктей алсаң соғып терісі бар.
Бірақ қашан терісін сыпыртқанша,
Жем көрсе, жайнап кетер «перісі» бар

Немесе:

Сол мықты байқауымша сіз болдыңыз,
Шоң балта, шоқтығы шың-күз болдыңыз.

Ұтымды қолданылған салыстыру, баламалар (мен қыран мұзды балақ, сен қолтық еті сөгілген жүйрік) айтыстың көркемдік деңгейі мен суырып салма өнеріндегі ақын шеберлігін аңғартады.

Қ.Алтынбаев айтысындағы образдар жүйесі жалпы халық поэзиясына тән ерекшеліктерді бойына мол сіңірген, өзіндік сипат-белгілері де сан алуан.

Қорыта келгенде, халық ақыны Қалихан Алтынбаев лирик және эпик ақын ғана емес, сонымен қатар, айтыскер ақын. Өзіл-қалжыңға, шындыққа негізделген ақынның айтыстары – айтыс өнерінің төрінен орын алары сөзсіз. Даналыққа, даралыққа толы ақынның мазмұнды да тағылымды айтыстары егеменді ел әдебиетінің жасампаздық өнерін танытар әдеби мұра ретінде бірге жасай бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. - А., 1991. -274 б.
2. Ысмайылов Е. Ақындар. - А: ҚМКӘБ., 1956. -340 б.
3. Серікбаев Н. Көмейден өлең, кеудеден шежіре төгілген //Семей таңы, 1997, 13-мамыр.

ӨЗГЕЛІК ЕТІС ЖҰРНАҚТАРЫНЫҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ СИНОНИМИЯСЫ

Қайратқызы Жұпаргүл

jupargul_92@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., профессор Г.О.Сыздықова

Грамматикалық синонимияның бір түрі – морфологиялық синонимия бірдей негізді түбірге (бір сөзге) бір сөз табына тән кемінде екі түрлі грамматикалық қосымшаның түрленіп жалғануынан жасалатын мағыналас сөздер жүйесін, яғни синонимикасын қарастырады. Олар әртүрлі грамматикалық жолдармен (жұрнақ, септік жалғаулары, түрлі грамматикалық формалар) жасалады әрі мағыналық жақындықты сақтайды. Морфологиялық синонимияны жасаушы тілдік көрсеткіштердің бір сөз табына қатысты болуы шарт әрі

олардың жалғанатын түбір сөзі де бірдей болуы қажет, сонда ғана мұндай тілдік құбылыс қосымшалардың синонимиясы ретінде танылады. Морфологиялық синонимия құбылысы, негізінен, осы салада (морфологияда) қарастырылатын қосымшаларға тікелей қатысты болып келеді. Бірдей негізді түбірге жеке-жеке жалғанатын екі не одан да көп қосымшаның бір мағынаны білдіруге қызмет етуі қазақ тіл біліміндегі морфологиялық синонимиканың басты ерекшелігі болып табылады. Қазақ тіл біліміндегі грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік) синонимияның тілдік табиғатын алғаш зерделеген академик М.Серғалиев морфологиялық синонимдерге тән негізгі тілдік заңдылық туралы мынадай пікір айтады: «Біздің түсінігімізше, морфологиялық синонимдер бір түбірден жасалуы керек. Мұнысы оларды синтаксистік (сөз тіркесінің) синонимге бір табан жақындатқанмен, екі компонентті болуы – олардың морфологиялық синонимнен түбірлі айырмашылығы. Сондай-ақ морфологиялық синонимнің бір компонентті болуы оның лексикалық синонимге жуықтығын танытады да, бір түбірден жасалуы оны алыстата түседі» [1,188]. Морфология сөз тұлғаларын, сөз таптарын қарастыратын сала болғандықтан, аталған саланың синонимияға қатыстылығы түбір мен қосымшаның мағыналық арақатынасты, ортақты сақтай отырып, синонимдес болуынан көрінеді. Морфологиялық синонимияны жасауда ерекше қызметке ие болатын морфема – грамматикалық форма тудырушы қосымшалар.

Морфологиялық синонимия есім сөз таптарының, етістіктің және үстеудің көрсеткіштері арқылы жасалады. Аталған сөз таптарының ішінен морфологиялық синонимияны құрауға қатысатын негізгі сөз табы ретінде етістікті атай аламыз. Іс-әрекет, қимылды білдіретін сөз табының морфологиялық синонимия жасау қабілеті өте зор.

Функционалдық грамматика тұрғысынан алып қарастырсақ та, етістіктің түрлі грамматикалық қосымшалары арқылы жасалатын морфологиялық синоним модельдер (грамматикалық қосымшалардың мағыналық жуықтықты сақтауынан жасалатын синонимдік қатарлар) әртүрлі семантикалық категорияны құрауға негіз болатын функционалды-семантикалық өрістің орталық бөлігін жасауға бейім болып келеді. Оны есімше және көсемше тұлғалы етістіктерден, етіс, рай, шақ категорияларынан, аналитикалық форманттардан көре аламыз.

Морфологиялық синонимияны қалыптастыратын етістіктің бір тобы – етіс категориясындағы өзгелік етіс қосымшалары. «Өзгелік етіс қимыл, іс-әрекеттің тікелей субъектінің өзі арқылы емес, екінші бір субъекті арқылы істелетінін, іске асатынын білдіріп, сабақты етістіктен белгілі қосымшалар арқылы жасалатын етіс категориясының түрі болып табылады» [2,671]. Өзгелік етістегі қимылды, әрекетті іске асырушы екі субъект болады (орындатушы және орындаушы), яғни өзгелік етіс жұрнағы жалғанған етістіктегі іс-әрекет, қимылдың орындалуы басқа бір адамның қатысы арқылы жүзеге асырылуын білдіреді. Жұмсалымдық грамматика тұрғысынан етіс категориясы субъектілі-объектілі және кей жағдайда сөйленімге қатысты модальділік макроөрістері аясында қарастырылып, сол семантикалық категорияның функционалды-семантикалық өрісінің ядролық бөлігін құрайды. Өзгелік етіс жұрнақтарының морфологиялық синонимия жасауға қатысуы жалпы синонимияның шарттарына толығымен сәйкес келеді әрі олар тілде жиі жұмсалады. Өзгелік етіс қосымшалары морфологиялық синонимияға тән синоним модельдер жасауда синтетикалық тәсілдің заңдылықтарына негізделеді, яғни негізі бірдей түбірге өзгелік етістің әртүрлі жұрнақтары жалғанады. Сонымен қатар өзгелік етіс көрсеткіштерінің түрленуінен жасалатын синоним модельдер мәтін ішінде бірін-бірі еркін алмастыра алады. Морфологиялық синонимияның өзгелік етіс жұрнақтары арқылы жасалуының төмендегідей жолдарын көрсетуімізге болады:

1) Өзгелік етістің **-ғыз, -гіз, -қыз, -кіз** және **-дыр, -дір, -тыр, -тір** жұрнақтары арқылы жасалатын синоним модельдер: *ағытқыз – ағыттыр, айтқыз – айттыр, алғыз – алдыр, ашқыз – аштыр, жазғыз – жаздыр, жапқыз – жаптыр, жуғыз – жудыр, салғыз – салдыр, тапқыз – таптыр, үйреткіз – үйреттір, құйғыз – құйдыр* т.б. Бұл модельдегі синонимдерде синонимдіктің шартында қарастырылатын мағыналық тепе-теңдік сақталады. Жоғарыда берілген синоним сөздер жұбындағы назар аударатын бір қатар: *үйреткіз – үйреттір* моделі.

Осы синоним модельге қатысты «Қазақ грамматикасында» мынадай пікір айтылған: «Етіс жұрнақтары семантикалық сипаты жағынан сөзжасам қосымшаларына жақын. Кейбір түрлері жаңа сөз жасап, етіс қосымшалы етістік негізгі сөздік құрамнан жеке лексикалық единица ретінде орын алған. Мысалы, *таң асыру, қызды айттыру, бір көрген біліс, екі көрген таныс* т.б. қолданыстағы етістіктер етіс қосымшалары арқылы жасалған туынды түбір негізгі түбірден туған жаңа мағыналы сөздер болып табылады: *ас+ыр, айт+тыр, біл+іс, таны+с*. Сондай-ақ қазіргі кезде түбір және қосымшаға ажырамайтын, өлі түбір деп есептелетін, бірақ тарихи тұрғыдан бір кездегі өзгелік етіс пен өздік етіс қосымшалары деп танылатын, қазір әрқайсысы жеке-жеке сөз, лексема деп қаралатын *оян* мен *оят*, *үйрен* мен *үйрет*, *жұбан* мен *жұбат*, *уан* мен *уат* сияқты жеке-жеке параллель сөздердің тілімізден орын алуы етіс қосымшаларының сөзжасамдық сипатының белгісі болса керек» [3,507]. Өзгелік етіс жұрнақтарының синоним модельдері контекст ішінде бірін-бірі еркін алмастыра алады. Мысалы: *Атқосшыларын шақырып, төбенің басына ақ шаңқан киіз жайғызып, төсек салдырады, жел жағына өзінің ер-тұрманын қойғызады* (Ә.Кекілбаев) деген сөйлемдегі *-дыр* өзгелік етіс жұрнағымен келген *салдырады* және өзгелік етістің *-ғыз* жұрнағымен келген *қойғызады* етістіктері бар. Бұл етістіктерді морфологиялық синонимияның заңдылығына сәйкес өзгелік етістің басқа грамматикалық формаларымен түрлендіруге болады. Мәселен, *салдырады* етістігін *салғызады* (*-дыр* және *-ғыз* қосымшалары), ал *қойғызады* етістігін *қойдырады* (*-ғыз* және *-дыр* қосымшалары) деп түрлендіре аламыз. Екі нұсқада да іс-әрекетті басқа бір адамның қатысы арқылы орындату мағынасы бар. Демек, бастапқы мағыналық құрылым сол қалпында сақталады.

Артынан басқа пенделерді ауызына қаратқан күні, оларды соңынан қуып барып, ауылдарын шауып талапайға салып, қара күн жұтқызып қайтты (Ә.Кекілбаев). Осы сөйлемдегі өзгелік етістің *-қыз* жұрнағымен келген *жұтқызып* сөзін берілген үлгіге сай *жұттырып* деп өзгерте аламыз. Мағыналық құрылым тепе-тең дәрежеде сақталып, екі сөз түрленіп жалғанған өзгелік етіс қосымшаларының есебінен синоним болады.

– *Осы клубтың еденін жуғызайын деп тұр ма?* – *деді қазақшалап Андрей* (Б.Бұлқышев). Берілген сөйлемдегі *-ғыз* өзгелік етіс жұрнағы арқылы жасалған *жуғызайын* сөзіндегі өзгелік етісті *-дыр* тұлғасына (*жудырайын*) түрлендірсек, мағыналық өзгеріс байқалмайды. Сөйлемдегі іс-әрекетті басқа бір субъектінің қатысы арқылы орындату, ол қимылдың нақты орындалу не орындалмау мүмкіндігін білдіру мағынасы бастапқы қалпында сақталады.

2) *-т* өзгелік етіс жұрнағымен келген етістікке *-ғыз, -гіз, -қыз, -кіз* және *-дыр, -дір, -тыр, -тір* жұрнақтары жалғануынан жасалатын синоним модельдер: *айнытқыз – айныттыр, азартқыз – азарттыр, билеткіз – билеттір, жинатқыз – жинаттыр, ойлатқыз – ойлаттыр, ойнатқыз – ойнаттыр, сөйлеткіз – сөйлеттір, сұратқыз – сұраттыр* т.б. Мұндай синоним модельдерде синонимге тән мағыналық тепе-теңдік сақталады. Себебі екі сыңарында да белгілі бір іс-әрекетті екінші бір тұлғаға орындату, бұйыру мәні бар. Мәселен, *үйдің ішін жинатқыз – үйдің ішін жинаттыр, есепті шығартқыз – есепті шығарттыр* десек, екі жағдайда да бұйрық ету, қимылды орындату мәні негізге алынған. *Балалар өздеріне керекті заттарды сұратқызды – Балалар өздеріне керекті заттарды сұраттырды*. Мұнда екі сөйлемдегі баяндауыш қызметіндегі өзгелік етіс тұлғалы етістіктер бір-бірімен синонимдес, сол себепті бірінің орнына бірін қолдана береміз. Жалпы, бұл модельдердің қай сыңарын алып қолдансақ та, мағыналық тепе-теңдік еш өзгеріссіз сақталады.

Бұл жерде назар аударатын мәселе – өзгелік етіс жұрнақтарының бір негізге қабаттаса жалғануы. Өзгелік етіс қосымшаларының бір ғана түбір сөзге бірнеше рет қабаттасып жалғануы таза грамматикалық немесе категориялық грамматикалық тұлғаларға тән белгілер болып табылады. Мұндағы *-т* жұрнағының *-ғыз, -гіз, -қыз, -кіз* және *-дыр, -дір, -тыр, -тір* жұрнақтарынан кейін жалғануын ғалым А.Ысқақов былайша түсіндіреді: «а) *-т* жұрнағы көбінесе дауысты я сонор дыбысқа бітетін негіздерге жалғанады: *азай-т, төле-т, жүгір-т, жөнел-т, көтер-т*; ә) *-тыр (-тір, -дыр, -дір)* жұрнағы көбінесе қатаң я сонор дыбысқа біткен

етістік негіздеріне жалғанады: *айт-тыр, біл-дір, кеп-тір*; б) *-қыз* (*-кіз, -ғыз, -гіз*) жұрнағы дауыссыз дыбысқа біткен етістік негіздеріне жалғанады: *аш-қыз, іш-кіз, қой-ғыз*» [4,284]. Сонда, байқағанымыздай, өзгелік етіс жұрнақтары сөздерге қалай болса солай жалғана бермейді. Оның қосымшаларының әрбір түрінің сөздерге жалғану, қабаттасып келген жағдайда да дұрыс (ретімен) орналасу тәртібі бар. Морфологиялық синонимияның модельдерін жасауда да осы тәртіп басшылыққа алынады. Мысалы: *Күн ұзақ жұмыстан қолы тимейтін әкесі кешке қарай балаларымен аула сыртына ере шығып, іргедегі үйлердің балаларымен ойнатқызады*. Осы сөйлемдегі *-т, -қыз* өзгелік етіс жұрнақтарымен келген сөзді ойнаттырады түрінде *-т, -тыр* жұрнақтарына түрлендіре аламыз. Екі жағдайда да мағыналық тепе-теңдік сақталады.

Сонымен қатар *-қыз* (*-кіз, -ғыз, -гіз*) жұрнақтары мен *-тыр* (*-тір, -дыр, -дір*) жұрнақтарының бір-бірімен орын талғай қабаттаса жалғануы да синоним модельдерді құрай алады. Мысалы: *Базаралының өзіне тымақ, қамзол, шапан, беишпент тіккіздіріп беруді Нұрғанымға тапсырған* (М.Әуезов). Бұл сөйлемде кездесетін *тіккіздіріп* сөзі *-кіз* және *-дір* өзгелік етіс жұрнақтарының қабаттаса жалғануы арқылы жасалып, қимылдың екінші бір адам (агенс) арқылы орындалатынын көрсетіп тұр. Мұндағы *тіккіздір* сөзіндегі қабаттаса жалғанған етіс жұрнақтарын *-тір, -гіз* түрінде түрлендіріп, *тіктіргіз* сөзіне алмастырсақ, бұл екі сөз мағыналық теңдікті сақтап, синоним қызметінде жұмсалады: *Базаралының өзіне тымақ, қамзол, шапан, беишпент тіктіргізіп беруді Нұрғанымға тапсырған*. Мағыналық жағынан екі сыңар да синонимге тән тепе-теңдікті сақтап тұр, екеуінде де бір іс-әрекет басқа бір екінші субъект арқылы жүзеге асырылады.

3) Етістік түбірінен кейін өзгелік етіс жұрнақтарының барлық түрінің қабаттаса жалғануынан жасалатын синоним модельдер: *-дыр, -дір, -тыр, -тір/ + /-т/ + /-ғыз, -гіз, -қыз, -кіз/ және /-ғыз, -гіз, -қыз, -кіз/ + /-т/ + /-дыр, -дір, -тыр, -тір/*. Мысалы: *алдыртқыз – алғыздырт, жаздыртқыз – жазғыздырт, қойдыртқыз – қойғыздырт* т.б. Өзгелік етіс жұрнақтарының осылай орын талғап жалғануының басты мәні, жоғарыда атап өткендей, қосымшалардың бір-бірімен дыбыс үндестігіне бағына жалғануынан туындап отыр. Берілген синонимдік қатар сөздеріндегі *-т* жұрнағы үнемі *-дыр* (*-дір, -тыр, -тір*) қосымшасынан кейін орналасқан, өйткені бұл жұрнақтар үнді *р* дыбысына аяқталып тұр. Ал *-ғыз* (*-гіз, -қыз, -кіз*) жұрнақтары ұяң *з* дыбысына аяқталған, сондықтан да *-т* қосымшасы ешқашан бұл жұрнақтардан кейін келмейді. Ал семантикалық жағынан екі сыңардағы сөздер бір-бірімен тең болып, бір мән-мағынаны білдіруге қызмет етеді. Бұл үлгідегі синонимдер контекст ішінде кез келген жағдайда бірін-бірі оңай алмастыра алмайды, бірақ синонимдер екінші жаққа (жіктік жалғауы) қатысты бұйыра айтылғанда ғана бұл үдеріс жүзеге асады. Мәселен, *кітапты алдыртқыз – кітапты алғыздырт, сабақты жаздыртқыз – сабақты жазғыздырт, бағаны қойдыртқыз – бағаны қойғыздырт* десек, барлық жағдайда іс-әрекет екінші жаққа бағытталып тұр, бірақ *мен жазғыздырттым* немесе *ол жазғыздыртты* дейтін болсақ, мұндағы бірінші және үшінші жақтағы етістіктің түрленуі тілдік нормадан ауытқып тұр. Сондықтан да бірінші және үшінші жаққа қатысты қолданылғанда, бұл синонимдік үлгілер бірін-бірі алмастыра бермейді.

4) Өзгелік етіс жұрнағының жалаң және қабаттасып жалғануы арқылы жасалатын синоним модельдер: *алғыз – алдырт, әкелдір – әкелткіз, жазғыз – жаздырт, құйғыз – құйдырт, қойғыз – қойдырт, салғыз – салдырт, тапқыз – таптырт* т.б. Мұндай синоним модельдер жоғарыдағы өзгелік етістің синонимдес болу жолдарымен салыстырғанда, сирек кездеседі. Контекстік деңгейде бірін-бірі оңай алмастыра алады. Мысалы: *Бұл қасындағы сарбазға тап сол бойда жүзікті таптыртып алды* (Ә.Кекілбаев) деген сөйлемдегі *-тыр, -т* өзгелік етіс жұрнақтары қабаттаса жалғанған *таптыртып* сөзін *тапқызып* түрінде жалаң *-қыз* өзгелік етіс жұрнағымен беретін болсақ, бастапқы мағыналық құрылым сол қалпы сақталады.

Қашан жоса-жоса боп аққан көз жасын көргенше, екі қолы артына байланған тұтқындарды әкелдіре береді (Ә.Кекілбаев). Мұндағы *-дір* тұлғалы етістікті (*әкелдіре*) *-т* және *-кіз* қосымшаларының қабаттасып жалғанған нұсқасына (*әкелткізе*) түрлендіретін

болсақ, қимылды басқа субъекті арқылы орындату мәні сол қалпында сақталып, сөйлемнің семантикалық құрылымы еш өзгеріссіз қалады.

Сонымен, етіс категориясының ерекше түрі болып табылатын өзгелік етіс қосымшалары морфологиялық синонимия жасауда айрықша қызмет атқарады. Өзгелік етіс қосымшалары етістіктің морфологиялық синоним модельдер жасайтын басқа тілдік көрсеткіштерінен мынадай белгілері арқылы ерекшеленеді: біріншіден, тек өзгелік етіс жұрнақтары өзара синоним модельдер құрай алады; екіншіден, өзгелік етіс қосымшалары етістікке жалаң не қабаттаса жалғанған күйінде, аралас жалғанған күйінде де синонимдес бола алады; үшіншіден, мәтін деңгейінде және одан тыс тұрып та мағыналық құрылымды еш өзгеріссіз сақтай алады. Өзгелік етіс қосымшалары – морфологиялық синонимияны қалыптастыруда оның негізгі тілдік заңдылықтары мен шарттарына толығымен сәйкес келетін басты грамматикалық көрсеткіштердің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Серғалиев М. Синтаксистік зерттеулер. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 560 б.
2. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. 2-кітап. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2011. – 828 б.
3. Қазақ грамматикасы: Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. 2-ші басылымы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

ӘОЖ: 821.512.122:82.02

ГИ ДЕ МОПАССАН МЕН БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК МӘСЕЛЕНІҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ

Қайратқызы Салтанат

Salta345kz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология факультеті «5В011700» - Қазақ тілі мен әдебиеті»

мамандығының 2-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., профессор А.Үсен

Адам баласы пайда болған сонау әлімсақтан бері басталған ер мен әйел арасындағы қарым-қатынас, байланыс, махаббат, құрмет пен ролдерінің мәні туралы тартысты талқылау, оны сөз ету ешқан таусылған емес. Әр заманда түрліше көрініс тауып, шешімікүні бүгінге дейін сан мәрте өзгерген ер мен әйел рөлі әр халықтың қоғамдық арнасы мен тұрмыс-тіршілігінде, салт – санасы мен мәдениет, өнерінде де өзіндік ерекшелігімен шешімін тауып келеді. Осы тартыста, қоғам дамуындағы әйел теңдігіне байланысты неше түрлі ұрандар, оқиғалар, ғылымда түрлі терминдер қалыптасты. Соның бірі көптен бергі ғылыми айналымдағы «гендерлік саясат» деп ұрандауға ұласқан «гендер» ұғымы.

Феминистік әдебиеттерде гендер ұғымының бірнеше концепциялары бар. Бұл гендерлік түсініктің, жалпы ұғымның кеш қалыптасуына байланысты болуы мүмкін. Олардың барлығының негізі жыныс(sex) пен гендер(gender) түсінігін ажыратудан басталады. Жыныс- бұл адамдардың анатомиялық- биологиялық ерекшеліктерін анықтайтын ұғым, яғни оның негізінде адамдарды еркек және әйел деп бөледі. Гендер – бұл өте күрделі әлеуметтік – мәдени құрылым, яғни қоғам қалыптастыратын еркектер мен әйелдер арасындағы ролдер, іс-әрекеттер, мінез- құлықтар, менталдық, сезімдік сипаттамалар. Осы жүйенің шеңберінде гендер ұғымы еркектер мен әйелдер арасындағы тұлғаралық байланысты, отбасындағы өзара іс – әрекетті ғана емес, қоғамның негізгі құрылымдары салаларындағы олардың әлеуметтік қатынастарын анықтайтын әлеуметтік байланыстардың ұйымдасқан үлгісі болып